

БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Адилбаева Г. Е.

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті**Аңдатпа**

Мақалада бала табиғатының, жаратылысының жалпы табиғи мүмкіндігінің бір белгісі – кіші жас кезеңіндегі сөзге құлақ қойғыштық қабілет нышандары. Тәні таза, жаны сау бала қалай жетілуі жайлы айтылған.

Кілт сөздер: бала, табиғат, байланыс.

Abstract

In the article, one of the signs of the general natural ability of the child's nature and creation is the ability to listen to words at a young age. It is told how a child with a clean body and a healthy soul can grow up.

Keywords: child, nature, communication.

Бала табиғатының, жаратылысының жалпы табиғи мүмкіндігінің бір белгісі – кіші жас кезеңіндегі сөзге құлақ қойғыштық қабілет нышандары. Тәні таза, жаны сау бала қалай жетілсе, тілі де солай жетіледі. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесін жасаған әдіскер ғалымымыз С. Рахметова: «Бала тілді ешбір ереже білмей-ақ, оқымай-ақ сөздерді қиыстырады, сөйлемдер құрастырады, ойын жеткізе алады. Мұның барлығы ауызша сөйлеу шеңберінде ғана. Бірақ, өкінішке орай, біздің мектептерімізге келетін балалар отбасының сөйлеу дәрежесінде екенін естен шығармауымыз керек. Қазіргі мәселе–балалардың ана тілін еркін меңгеруіне, сөзді таза қолданып, дұрыс құрастырып, сөз тіркестері мен сөйлемдерді өзара жүйесімен құрастырып жеткізе бермейтігінде. Көбінесе олардың сөздері жаттанды, не орысшадан тікелей аударған күйде келеді», - деп жазды.

Сөз – ойдың сыртқы формасы. Ойың орысша болса, қазақша ой жеткізе қою қиын. Байланысты тіл деп, кем дегенде, үш, әйтпесе одан да көп сөйлемдерден тұратын ойды жүйелі құрастырылған мәтінмен жеткізуді айтамыз. Байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіруде нәтиже шығару үшін, сол тілде баланың сөздік қорының мол болуына қол жеткізілуі керек.

Тіл негізінен табиғи түрде, табиғи қалыптасқан ортада дамытылатын құбылыс екендігі белгілі. Дей тұрғанмен, екі-үш тіл қатарынан қолданылатын ортада бір тілдің екіншісіне кедергі келтіретіні, бір тілдің екіншісін басып тұратыны байқалады. Сондықтан да тілді жасанды түрде де меңгерту мәселесі туындап отыр. Ол үшін қандай жолдар керек? Үй-ішінде тілі орысша шыққан баламен ата-анасы ана тіліне аударма түрде сөйлесуі керек пе? Жоқ, басқа жолдарын қарастырамыз ба? Сұрақтар, кедергілер көп. Балалардың байланысты сөйлеуі қазақ тілі, тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыру сабақтарында біртіндеп үйретіледі. Балаға әр сабақта берілетін сөздерді өзге сөздермен мағыналық байланысқа түсетіндей етіп беру, баланың келесі сабақта сол сөздерден тіркестіріп бір ой шығаруға болатынын түсінуін қамтамасыз ету –

олардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың басты жолы. Жеке сөздерді, бір ғана ұғым не бірнеше мағына беретін сөз бен сөз тіркестерін сызбадан, таңбадан көзбен көріп, көңілмен мейірлене қабылдағанда ғана балада байланыстыра сөйлеу пайда болады. Кеңес заманы тұсында одаққа кіретін он алты республиканың балабақшаларына, мектептің бастауыш сынып оқушыларына қанық бояулы қабырғаға ілетін суреттер топтамалары шығарылып тұратын.

Балалар тақырыптық суреттерді пайдаланып, көрмеген самолеттерінің, метролардың, т.б. аттарын біліп алатын, көрмегендерін көңілдерімен армандап, сөйлемдер құрастыратын. Бүгінде компьютерді, суретті кітапшаларды қолданып, балалармен үлкендер мемлекеттік тілде сөйлесіп, үйреніп келе жатқанын мадақтап, бағалап отыру республикада тіл саясатын тұрақтандырудың бірден-бір амалы. Қазақ тілін ана тіліндей құрметтеп, мемлекеттік тілде балабақшадан бастап ауызша сөйлету негізі бағдарламаға сай етіліп, дұрыс салынса, байланыстыра сөйлеу мақсаты сонда нақты орындалады. Баланың байланыстырып сөйлеуіне қажетті құралдардың түр-түрлерін компьютермен жасап алудың жолдары көп. Әрбір тақырыптық лексикалық тілдік материалдар өтілгеннен соң, балалардан ауызша сөйлеу тестілері алынуы керек. Топ балаларының айналасындағы қарым-қатынас нысандарына сәйкес мазмұнды тақырыптық суреттер, жергілікті және балалар әдебиетіндегі классик жазушылардың шығармашылығынан лайықты мәтіндер топтамасы әзірленуі балаларды байланыстырып, өз ойларын қазақ тілінде жеткізуге ыңғайлайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алпысбаев Т. Қазақ халық әдебиеті. Т.3; Ертегілер. — Алматы, 1995.
2. Бектаева К.Б, Букежанова Г. «Ана тілі» (1, 2, 3, 4 сынып). Мектеп – 2003. 229б., 2. О.С. Жукова: «Дамыту ойындары».
3. Г. Ермакова: «Көрнекі үлгілеуді суреттеп әңгімелеу әдістемесі»
4. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту//Отбасы және балабақша, 2002, №1.-Б.
5. Ikromov, I. (2023). Pedagogik amaliyotni amalga oshirish jarayoni tizimli tashkil qilish. *Namangan davlat universiteti Ilmiy axborotnomasi*, (6), 729-736.
6. Ikromov, I. M. (2023). General characteristics of the organization of continuous pedagogical experimental work. *NamDU axborotnomasi*, 5(3), 863-869.
7. Исманова, М. А. (2021). Развитие и оценка функциональной грамотности школьников на основе международных исследований PIRLS. *Экономика и социум*, 9(88), 405-407.
8. Abdumuminovna, I. M. (2023). Mechanisms of creative skills formation in students. *Open Access Repository*, 9(6), 171-175.
9. Ismanova, M. A. (2023). Maktabgacha yoshdagi bolalarda atrof-muhit va uning muammolari. *Mugallim*, 1(1), 75-78.
10. Ismanova, M. A. (2022). Methodology of teaching history as an academic subject. *Mugallim*, 2(12), 78-80.
11. Исманова, М. А. (2022). Психологические свойства формирования профессиональной направленности личности педагога. *Мугаллим*, 5(15), 16-20.

12. Исманова, М. А. (2022). Болалар психологиясининг умумий масалалари. Мугаллим, 5(3), 15-18.
13. Исманова, М. А. (2022). Мактабгача таълим ташкилотларда турли фаолиятларда кластер методидан фойдаланиш. *Academic research in educational sciences*, 3(12), 80-83.
14. Ismanova, M. A. (2021). Maktabgacha ta'lim tashkilotlarida rahbarlik qilish va tashkil etish masalalari. *Academic research in educational sciences*, 2(5), 1581-1587.
15. Ibadullaev, K. (2022). Features of the organization and conduct of international assessment programs. *Журнал иностранных языков и лингвистики*, 6(6), 1-10.
16. Ibadullayev, Q. M. (2022). Specific Characteristics of Organizing and Conducting International Assessment Programs. *International Journal on Integrated Education*, 5(12), 140-143.
17. Ibadullayev, Q. M. (2022). Features of the organization and conduct international assessment programs. *Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal*, 1(6), 2-10.
18. Ibadullayev, Q. M. (2022). The content and importance of establishing educational quality control. *Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal*, 1(6), 12-19.
19. Ибадуллаев, К. М. (2022). Ўрта таълимга инновацияларни жорий этишнинг мамлакатимиз ижтимоий тараққиётидаги аҳамияти. *Экономика и социум*, (4-2 (95)), 887-890.
20. Ибадуллаев, К. М. (2021). Педагогик таълим кластери бўйича хориж тажрибаси. *Academic research in educational sciences*, 2(12), 1543-1551.